

**«6D020600 – «Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Мажиев Гилимбек Жәдігерұлының «Дін мен зайырлы мемлекет қатынасының әлемдік және қазақстандық үлгісі:  
салыстырмалы дінтанулық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыссына ресми**

**РЕЦЕНЗЕНТТЕҢДЕРДІК ЖАЗБАША ШКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сзызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	<p>Сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының ғылым дамуының басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» 2023 – 2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың</p>

		<p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>«Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу ғылымға маңызды үлес қосады. Онда зайырлылықтың теориялық және практикалық аспекттері жан-жақты сараланып, Қазақстандағы мемлекет пен дін қатынасының өзіндік ерекшеліктері ғылыми негізделген. Жұмыста зайырлылықтың тарихи дамуы, құқықтық жүйедегі орны және оның әлеуметтік-мәдени ықпалы жүйелі түрде талданған. Зерттеу нәтижелерін мемлекеттік басқару, діни ұйымдармен өзара әрекеттесу және білім беру салаларында қолдануға болады. Диссертацияның өзектілігі толық ашылған, себебі зайырлылық мәселесі тек теориялық түрфыдан талданып қоймай, оның Қазақстанның әлеуметтік-құқықтық тәжірибесінде қолданылу ерекшеліктері де нақты негізделген.</p>

		Осыған байланысты «негізделген» деп бағалауға болады.
	<p><b>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:</b></p> <p>1) <u>айқындауды;</u>          2) ішінара айқындауды;          3) айқындаудамайды.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс өз тақырыбына толық сәйкес келеді және оның мазмұнын жан-жақты айқындауды. Зерттеу барысында мемлекет пен дін қатынасының теориялық негіздері, зайырлылықтың тарихи қалыптасуы, Қазақстандағы зайырлы мемлекет қағидаттарының өзіндік сипаты мен ерекшеліктері жүйелі түрде талданған. Сонымен қатар, диссертацияда қазіргі әлемдегі зайырлылық, зайырлы мен дін қарым-қатынасы тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жасалып, зайырлылықтың қазақстандық үлгісі ғылыми түрғыдан негізделген. Жұмыс құрылымы, бөлімдерінің өзара байланысы және қорытындылары тақырыппен толық үйлеседі. Осыған байланысты диссертация мазмұны диссертация тақырыбын «айқындауды» деп бағалауға болады.</p>
	<p><b>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</b></p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u>          2) ішінара сәйкес келеді;          3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді. Жұмыста зайырлылықтың теориялық және практикалық аспекттері, мемлекет пен дін қатынастарының эволюциясы және қазақстандық зайырлылық үлгісінің ерекшеліктері жүйелі түрде зерттелген. Зерттеу барысында қойылған міндеттер анық және нақты тұжырымдалған, оларды шешу арқылы диссертацияның негізгі</p>

		мақсатына қол жеткізілген. Теориялық негіздеме, әдіснамалық тәсілдер және әмпирикалық материалдар зерттеу бағытына сай келіп, ғылыми нәтижелерді дәйекті түрде негіздеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты «сәйкес келеді» деп бағалауға болады.
	<p><b>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</b></p> <p>1) <u>тольық байланысқан;</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	Диссертацияның барлық бөлімдері өзара логикалық байланысқан. Теориялық негіздемеден бастап, зайырлылықтың тарихи қалыптасуы мен қазіргі көріністеріне дейінгі талдау жүйелі түрде жүргізілген. Әр бөлім зерттеудің жалпы құрылымын тольктырып, біртұтас ғылыми тұжырымдаманы қалыптастырады. Осыған байланысты «тольық байланысқан» деп бағалауға болады.
	<p><b>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</b></p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	Диссертацияда автор ұсынған жаңа шешімдер жанжақты дәлелденіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылған. Зерттеуде зайырлылықтың қазақстандық улгісі мен әлемдік тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасалып, теориялық негіздер сынни тұрғыда қарастырылған. Мемлекет пен дін қатынасының түрлі модельдері сараланып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері ғылыми негізде бағаланған. Сонымен қатар, зайырлылық принциптерінің эволюциясы мен қазіргі қолданысы талданып, Қазақстандағы жағдайға бейімдеу жолдары ұсынылған. Автор тек басқа зерттеулерге сүйеніп қоймай, өз

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>жоғары;</u></li> <li>2) оргаша;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаган.</li> </ol>	<p>Доктаранттың диссертацияны жазу барысында зерттеу мәтінін құрылымдауы, ғылыми тұжырымдардың дәлдігі және қолданылған дереккөздерге сілтемелері жұмыстың жүйелілігін байқалады. Жұмыс ғылыми стильде жазылған, негізгі аргументтер нақты әрі логикалық тұрғыдан реттелген. Ізденуші зерттеу материалын терең менгергенін көрсетіп, зайырлылық мәселелерін жан-жақты қарастырған. Ғылыми нәтижелерді тұжырымдау, талдау және салыстыру деңгейі жоғары. Осыған байланысты диссертация авторының жазу деңгейін «жоғары» деп бағалауға болады. Жұмыс ізденушінің жеке ғылыми енбегі екені анық байқалады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген;</u></li> <li>2) ішінара негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Мажиев Гилимбек Жәдігерұлының диссертациясы тақырыптың ғылыми және практикалық маңыздылығын ескере отырып, өзектілігі жан-жақты негізделген. Зерттеуде зайырлылық үғымының тарихи, теориялық және құқықтық аспектілері қарастырылып, Қазақстандағы мемлекет пен дін қатынастарының ерекшеліктері талданған. Сонымен қатар, зайырлылықтың қазақстандық ұлгісі халықаралық тәжірибемен сабактастықта сарапталған. Қазіргі жаһандық және аймақтық деңгейдегі зайырлы мемлекет пен дін институттарының қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы өзара ықпалдастырының теориялық және практикалық талдау зерттеу өзектілігін арттырады.</p>

			тұжырымдарын жүйелі түрде дәлелдеген. Сондықтан «сыни талдау бар» деп бағалауга болады.
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p><b>5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</b></p> <p>1) толығымен жаңа;      2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);      3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде ұсынылған фылыми нәтижелер мен ережелер ішінара жаңа. Жұмыстың теориялық бөлігінде зайырлылық, мемлекет пен дін қатынасы туралы бұрыннан белгілі фылыми концепциялар жүйеленіп, олардың Қазақстандағы ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, зайырлылықтың қазақстандық ұлгісіне жаңаша талдау жасалған.</p> <p>Зерттеудің жаңалығы зайырлылық принциптерін мемлекеттік басқару жүйесіндегі қолданысына бейімдеуге, Қазақстандағы діни ахуалға қатысты нақты ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Диссертацияда тарихи және заманауи деректер салыстырылып, мемлекеттің конфессииялық саясатына қатысты жаңа тұжырымдар жасалған. Бірақ жұмыстың белгілі бір бөлігі зайырлылық пен мемлекет пен дін қатынастарына қатысты бұрыннан бар теориялық тұжырымдарға негізделген. Осыған байланысты «ішінара жаңа (50-75% жаңа)» деп бағалауга болады.</p>
		<p><b>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</b></p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде зайырлылықтың теориялық негіздері, мемлекет пен дін қатынастарының эволюциясы және Қазақстандағы</p>

		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	зайырлылық үлгісі жан-жақты қарастырылған. Ғылыми айналымдағы белгілі тұжырымдар жүйеленіп, олардың қазақстандық контекстегі ерекшеліктері талданған және далалық зерттеулер нәтижелері қамтылған. Сонымен қатар, зайырлылық принциптерінің мемлекеттік басқару жүйесіндегі орны мен болашақ даму бағыттары бойынша автор жаңа көзқарастар ұсынған. Сондықтан «толығымен жаңа» деп бағалауға болады.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері ішінара жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеуде зайырлылықтың теориялық және тарихи аспекттері кеңінен қарастырылып, әлемдік және қазақстандық тәжірибелермен салыстырмалы талдау жүргізілген. Автор ғылыми еңбектерге, нормативтік-құқықтық актілерге және нақты әлеуметтік-мәдени жағдайларға сүйене отырып, өз тұжырымдарын жүйелі түрде дәлелдейді. Сонымен қатар, диссертацияда мемлекет пен дін қатынасына қатысты заманауи

			Урдістер талданып, оларды реттеуге қатысты ғылыми негізделген ұсыныстар жасалған. Осыған байланысты «ауқымды дәлелдемелерге негізделген» деп бағалауға болады.
7.	Корғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p>	<p>7.1. Диссертациядағы негізгі ғылыми ережелер мен корытындылар жан-жақты дәлелденген. Автор зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық деректерді көнінен қолданып, зайырлылық пен мемлекет пен дін қатынастарының түрлі үлгілерін салыстырмалы турде талдаған. Сонымен қатар, зерттеуде нормативтік-құқықтық актілер, тарихи деректер және халықаралық тәжірибелер негізінде тұжырымдар жасалып, олар ғылыми дәлелдемелермен нығайтылған. Қолданылған әдіснамалық тәсілдер, оның ішінде құрылымдық-функционалдық, салыстырмалы және тарихи әдістер, зерттеудің нәтижелерін сенімді етеді. Соңдықтан «дәлелденді» деп бағалауға болады.</p> <p>7.2. Зерттеудің негізгі тұжырымдары күрделі ғылыми-теориялық талдауды қажет ететін мәселелерді қамтиды. Мемлекет пен дін қатынасы, зайырлылық қағидаларының эволюциясы және олардың Қазақстандағы көріністері қарапайым әрі өздігінен түсінікті құбылыстар емес. Бұл ұғымдар тарихи және құқықтық контексті ескере отырып күрделі теориялық талдауды қажет етеді. Сонымен</p>

	<p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану денгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p><b>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</b></p> <p>1) <u>иия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>қатар, диссертацияда ұсынылған шешімдер мен теориялық негізdemeler зайырлылықтың мемлекет пен қоғам өміріндегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Соңдықтан «жок» деп бағалауға болады.</p> <p><b>7.3.</b> Диссертациялық зерттеу барысында белгілі ғылыми тұжырымдар жүйеленіп, олардың Қазақстан жағдайындағы ерекшеліктері мен қолданылу аясы айқындалған. Әлемдік тәжірибелер мен Қазақстандағы зайырлылық моделін салыстыра отырып, автор жаңа ғылыми қорытындылар ұсынған. Сонымен қатар, зайырлылық принциптерінің мемлекеттік басқару саласындағы маңызы және оның қоғамдағы рөлі зерттеліп, осы тақырыпқа қатысты жаңа көзқарастар қалыптастырылған. Бұл зерттеу жұмысының теориялық және практикалық құндылығын арттырады. Осыған байланысты «иия» деп бағалауға болады.</p> <p><b>7.4.</b> Зерттеу нәтижелері мемлекет пен дін қатынастары, құқықтық реттеу, дінттану, саясаттану, әлеуметтану, білім беру және мемлекеттік басқару салаларында қолдануға жарамды. Қазақстандағы зайырлылықтың ерекшеліктері мен даму бағыттарына қатысты</p>
--	---	---

		<p>ұсыныстар мемлекеттік органдар мен сарапшылар қауымдастығы үшін де маңызды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында дінтану және құқықтану салалары бойынша білім беру процесінде пайдалануға болады. Жұмыста көтерілген мәселелер діни бірлестіктердің қызметін реттеуге, конфессияларлық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және зайырлылық қағидаларын нығайтуға қатысты маңызды ұсыныстар береді. Сондықтан «кең» деп бағалауға болады.</p> <p>7.5. Диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдар автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан. Автор халықаралық және отандық ғылыми журналдарда зайырлылықтың теориялық негіздері мен оның мемлекеттік басқарудағы рөліне қатысты мақалалар жариялаған. Бұл мақалаларда зерттеу нәтижелері талданып, салыстырмалы және эмпирикалық мәліметтер негізінде тұжырымдар жасалған. Сонымен қатар, зерттеудің негізгі қорытындылары ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде талқыланған, бұл олардың өзектілігін және ғылыми негізділігін растайды. Сондықтан «ия» деп бағалауға болады.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты.	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>Диссертацияда қолданылған әдіснамалық тәсілдер нақты көрсетілген және зерттеу мақсаты мен</p>

Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) <u>ија;</u>	<p>міндеттеріне сәйкес тандалған. Теориялық және эмпирикалық әдістер ұтымды қолданылып, зайырлылық, зайырлы мемлекет ұғымдарының тарихи, құқықтық және әлеуметтік қырлары жүйелі түрде талданған. Салыстырмалы, құрылымдық-функционалдық, тарихи және нормативтік-құқықтық талдау әдістері ғылыми негізделген және зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттырады. Сондықтан «ија» деп бағалауга болады.</p>
	2) жок.	
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>Диссертациялық зерттеуде сауалнама нәтижелері пайдаланылғандықтан, деректерді өндеу және талдау үшін компьютерлік технологиялар қолданылғаны анық. Сауалнама қорытындыларын жүйелеу, статистикалық мәліметтерді талдау және графикалық интерпретациялау барысында қазіргі заманғы зерттеу әдістері пайдалану арқылы өндөлген. Бұл ғылыми нәтижелердің дәлдігі мен негізділігін арттырады. Сондықтан «ија» деп бағалауга болады.</p>
	1) <u>ија;</u>	
	2) жок.	

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасау үшін жеткілікті. Диссертацияны жазу барысында автор отандық және шетелдік 262 ғылыми әдебиеттер тізімін пайдаланған.
9	Практикалық құндылық қафидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жок.	Диссертациялық зерттеуде зайырлылықтың теориялық негіздері, мемлекет пен дін қатынастарының эволюциясы және олардың қазақстандық үлгісіне ықпалы жан-жақты талданған. Жұмыс зайырлылық қафидаларының тарихи және құқықтық аспектілерін жүйелеуге, олардың қазіргі қоғамдағы рөлін түсіндіруге ғылыми негіз береді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері зайырлылықтың түрлі модельдерін салыстырып, жаңа теориялық тұжырымдар жасауға ықпал етеді. Осыған байланысты «бар» деп бағалауға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жок.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар мемлекеттік басқару, құқықтық реттеу, білім беру және дін саласындағы саясатты жетілдіру үшін қолдануға жарамды. Зерттеу нәтижелері діни бірлестіктермен жұмыс жүргізетін мемлекеттік органдар мен сараптамалық құрылымдар үшін маңызды. Сондай-ақ, зайырлылық қафидаларын түсіндіру мақсатында жоғары оку орындарында дінттану және құқықтану пәндері бойынша оқу

			процесінде пайдалануға болады. Сондықтан «ия» деп бағалауға болады.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	1) толығымен жаңа; 2) ішінәра жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар мемлекет пен дін қатынастарын реттеу, зайырлылық қағидаларын нығайту және діни саясатты жетілдіру мәселелеріне бағытталған. Кейбір ұсыныстар бұрыннан бар тәжірибелер мен ғылыми еңбектерге негізделгенімен, зерттеуде олардың қазақстандық контекстегі ерекшеліктері қарастырылып, жаңа көзқарастар ұсынылған. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару мен білім беру саласындағы зайырлылықты дамытуға қызысты нақты ұсыныстар жасалған. Осыған байланысты «ішінәра жаңа (25-75% жаңа)» деп бағалауға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) оргашадан төмен;	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Зерттеу ғылыми стильде жазылған, терминология дәл қолданылған, құрылымдық реттелуі мен логикалық байланысы сақталған. Автордың ойлары нақты әрі жүйелі баяндалған, тұжырымдар дәйекті дәлелдермен негізделген. Сондай-ақ, дереккөздерге сілтемелер талапқа сай рәсімделген, грамматикалық және стилистикалық қателер кездеспейді. Жазу мәнері академиялық стандарттарға толық сәйкес келеді және зерттеудің ғылыми құндылығын арттырады. Сондықтан "жоғары" деп бағалауға болады.
11.	Диссертацияға		Диссертациялық жұмыс ғылыми талаптарға сай

ескертулер		<p>орындалған және құрылымы жүйелі. Зерттеу мазмұны жеткілікті түрде жан-жақты қарастырылған, алайда кейбір тұстарға аздаған толықтырулар енгізілсе, жұмыстың ғылыми құндылығы арта түсер еді.</p> <p>Жекелеген бөлімдерде теориялық тұжырымдардың практикалық маңыздылығын теренірек ашу орынды болар еді. Кейбір теориялық қорытындылардың нақты қолданылу салаларын көрсетіп, олардың мемлекеттік басқару, құқықтық реттеу немесе білім беру салаларындағы ықпалын айқындай тұсу зерттеудің қолданбалы құндылығын арттыра түседі.</p> <p>Кейбір анықтамалар мен терминдер бірнеше рет қайталануы мүмкін, сондықтан оларды синонимдік немесе балама түсіндірмелер арқылы әртараптандыру мәтіннің ғылыми стилін одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл ғылыми мәтінді бірсарайнды қайталанудан қорғап, мазмұнның оқылымдылығын жақсартады.</p> <p>Графикалық материалдар мен кестелердің санын көбейту зерттеу нәтижелерін көрнекі түрде ұсынуға көмектеседі. Әсіресе, сандық мәліметтер, салыстырмалы талдаулар немесе тарихи даму кезеңдері сызба түрінде берілсе, олар оқырманға акпаратты тез әрі тиімді қабылдауға ықпал етеді.</p> <p>Тұластай алғанда, айтылған ескертулер ұсынылған жұмыстың ғылыми құндылығы мен өзіндік</p>
------------	--	--

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Диссертация зайырлылық, мемлекет пен дін қатынастарының теориялық және құқықтық аспекттерін қарастыратындықтан, классикалық эксперименттік зерттеу әдістері қолданылмауы мүмкін. Алайда, жұмыста сауалнама нәтижелері талданып, эмпирикалық деректер пайдаланылғандықтан, теориялық қорытындылар нақты деректер арқылы расталған деп айтуға болады. Осыған байланысты «иля» деп бағалауға болады.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертацияда ұсынылған негізгі тұжырымдар ғылыми негізделген және сенімді дереккөздерге сүйенеді. Зерттеуде халықаралық және отандық ғылыми еңбектер, нормативтік-құқықтық күжаттар, статистикалық мәліметтер мен эмпирикалық зерттеу нәтижелері кеңінен қолданылған. Барлық маңызды мәлімдемелер нақты әдебиеттерге сілтемелер арқылы дәлелденген. Сондықтан «нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған» деп бағалауға болады.</p>

			ерекшелігін төмендетпейді. Жұмыстың жоғары деңгейде зерттелуі мен оны баяндаудағы айқындылығын жоғарлатады.
12.	Докторанттың мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейі айтартықтай жетістіктермен ұсынылған, бұл рецензияланған журналдардағы және халықаралық конференциялардағы жарияланымдармен расталады.</p> <p>Докторанттың диссертациялық зерттеу жұмысына қатысты 16 ғылыми мақаласы басылымдарда жариялан. ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала және мұның құрамына енбейтін ғылыми журналдарда 4 мақала, Скопус халықаралық ғылыми-акпараттық базасына кіретін рецензияланатын «Pharos Journal of Theology» ғылыми журналында 1 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында 7 мақала жарық көрді. Осылайша диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері ғылыми басылымдарда жарияланып, философия докторы (PhD) дәрежесін беру ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған.</p> <p>Бұл жарияланымдар жүргізілген зерттеулердің ғылыми маңыздылығы мен өзектілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.</p>
13.	Ресми рецензенттің		Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және

шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	жоғары білім министрлігінің бекіткен Үлгі ережесінің 28-тармағы талаптарына толықтай сәйкес философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру
--	---

6D020600 – «Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Дін мен зайырылы мемлекет қатынасының әлемдік және қазақстандық үлгісі: салыстырмалы дінтанулық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс жан-жақты зерттеліп, аяқталған жұмыс болғандықтан Мажиев Гилимбек Жәдігерұлы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайық деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті  
Саясаттану және әлеуметтік-философиялық  
пәндер кафедрасының профессоры,  
философия ғылымдарының докторы**



**Д.Ә. Қусаинов**